

**«FIFA World Cup Qatar 2022™ ойындарына 100 күн дайындық»**

**Конкурсының Ережелері**

1. Осы Ережелермен «FIFA World Cup Qatar 2022™ ойындарына 100 күн дайындық» Конкурсының өту тәртібі мен шарттары анықталады (әрі қарай – «Конкурс»).
2. Конкурс жеңімпаздары осы Ережелерде айтылған критерийлерге сәйкес анықталатын болады.
3. Конкурс Ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық д-лы, 132, 5-кеңсе мекенжайы бойынша орналасқан «ROI GROUP» (РОИ Групп) (БСН 151240005397) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – «Ұйымдастырушы») болып табылады.
4. Конкурс Серіктесі:  
Visa International Service Association (Виза Интернэшнл Сервис Ассоциэйшн) (әрі қарай – «Visa») болып табылады;
5. Конкурс мағынасы мен анықтамасы бойынша «Ойын бизнесі туралы» ҚР Заңына және «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес құмар ойын және/немесе лотерея болып табылмайды.
6. Конкурсқа қатысу үшін ақы алынбайды.
7. Конкурсқа 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын, тұруға ықтиярхаты бар, осы Ережелердің барлық талаптарының шарттарын тиісінше орындаған жеке тұлғалар (әрі қарай – «Конкурс Қатысушысы») қатыса алады.
8. Конкурсқа келесілер қатыса алмайды және қатыспайды: Конкурс Ұйымдастырушысымен немесе Серіктеспен кез келген белгілер бойынша және кез келген нысанда үлестес тұлғалар, соның ішінде қызметкерлер, олардың жақын туыстары (күйеуі/әйелі, ата-анасы (ата-ана), қызы, ұлы, асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалары мен апайлары, әжелері, аталары, немерелері), Қазақстан Республикасының бейрезиденттері, осы Ережелердің 7-бабында көрсетілмеген өзге де тұлғалар.
9. Конкурс күндері мен шарттары:
- 9.1. Конкурс келесі 7 (жеті) конкурсқа бөлінген:

Конкурс №	Конкурс өткізілетін күндер*	Конкурсқа қатысу шарттары	Жүлде	Конкурс жеңімпаздарын жариялау күні	Жеңімпаздар саны, жеңімпаздарды анықтау шарттары
1	23.09.2022 ж. – 28.09.2022 ж.	Шумақты ұранды (ұрандатуды) аяқтау қажет	Adidas добы	29.09.2022 ж.	№1-Конкурстың қатысушылары арасынан кездейсоқ тандау әдісімен 5 адам.
2	30.09.2022 ж. – 05.10.2022 ж.	Пікірлерге өтіп, өзіңіз ұнататын футбол атрибутымен бөлісу	Жанкүйер жинағы (мойынорағыш +түтік)	06.10.2022 ж.	№2-Конкурстың барлық қатысушылары арасынан кездейсоқ тандау әдісімен 5 адам.
3	7.10.2022 ж. – 12.10.2022 ж.	FIFA World Cup Qatar 2022™ ойынын қай жерде көресіз, пікірлерге өтіп бөлісу.	Тоңазытқыш сөмке	13.10.2022 ж.	№3-Конкурстың барлық қатысушылары арасынан кездейсоқ тандау әдісімен 5 адам.

4	14.10.2022 ж. – 19.10.2022 ж.	Өз қалауымен шумақты ұранды (ұрандатуды) аяқтау	Сусын ішуге арналған домалақ стақан	20.10.2022 ж.	№4-Конкурстың барлық қатысушылары арасынан кездейсоқ таңдау әдісімен 5 адам.
5	21.10.2022 ж. – 26.10.2022 ж.	Егер футболшы болсаңыз, қай позицияда ойнағыңыз келетін еді, осыған қатысты пікір қалдыру.	Термос	27.10.2022 ж.	№5-Конкурстың барлық қатысушылары арасынан кездейсоқ таңдау әдісімен 5 адам.
6	28.10.2022 ж. – 02.11.2022 ж.	Әлемнің қай стадионында болғыңыз келетіні жайында пікір қалдыру.	Bang Bang таяқшалары (бір жұп)	03.11.2022 ж.	№6-Конкурстың барлық қатысушылары арасынан кездейсоқ таңдау әдісімен 5 адам.
7	04.11.2022 ж. – 09.11.2022 ж.	Сіздің пікірінше өте көп гол соғатын бір футболшының Instagram парақшасын белгілеу. (@ символының көмегімен белсенді белгілеу)	Кресло	10.11.2022 ж.	№7-Конкурстың барлық қатысушылары арасынан кездейсоқ таңдау әдісімен 5 адам.

9.2. Кезекті конкурс туралы постты жарияланған сәт әр конкурстың басталғанын білдіреді.

9.3. Әрбір кезекті конкурс өзінің аяқталған күні сағат 23:59 аяқталады.

10. Конкурс өткізу кезеңі: осы Ережелердің 9-бабының шарттарына сәйкес 23 қыркүйек 2022 жыл – 10 қараша 2022 жыл (әрі қарай – «Конкурс Кезеңі»).

11. Конкурсқа қатысу шарттары:

11.1. Instagram-дағы [https://www.instagram.com/visakz\\_official/](https://www.instagram.com/visakz_official/) адресі бойынша орналасқан Visa Kazakhstan (@visakz\_official) парақшасының оқырманы болу;

11.2. лайк басып, осы конкурс тапсырмасына жауап ретінде @visakz\_official парақшасындағы кезекті конкурс туралы жарияланымға пікір қалдыру;

11.3. бір Жеңімпаз тек бір Жүлде алуға құқылы. Бір тұлғаның әр түрлі аккаунттан қатысуына рұқсат етілмейді. Жұлделердің ақшалай баламасы берілмейді;

11.4. бүкіл Конкурс мерзімінде Қатысушының Instagram-дағы парақшасы ашық, шынайы парақша (яғни, нақты бір жеке тұлғаға тиесілі болуы керек) және коммерциялық болмауы тиіс;

11.5. Конкурсқа боттар, сондай-ақ конкурстар, акциялар, ұтыс ойындары мен Instagram-да және/немесе Интернетте өткізілетін басқа да жарнамалық науқандар үшін арнайы құрылған парақшалар қатыстырылмайды.

12. Конкурс жеңімпаздарын анықтауды Ұйымдастырушы осы Ережелердің шарттарын толық орындаған Конкурс Қатысушылары арасынан random.org сайтында кездейсоқ таңдау әдісімен осы Ережелердің 9-бабында көрсетілген Конкурс жеңімпаздарын анықтаған күні жүргізеді.

13. Ұтыс ойынын трансляциялау тікелей эфирде (on-line) өткізіледі және Instagram-дағы @visakz\_official парақшасында стористе жарияланады.

14. Ұйымдастырушы осы Ережелердің 12-бабына сәйкес Жеңімпаздар анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жеңімпаздарды Қатысушының Instagram Direct парақшасына хабарлама жіберу арқылы ұтқаны туралы хабардар етеді.
15. Егер Жеңімпаз Ұйымдастырушының хабарламасына 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап бермесе немесе Жұлдеден бас тартса, тиісті жүлде талап етілмеген деп танылады. Конкурс Ұйымдастырушысы талап етілмеген жүлделерге Конкурс Серіктесінің нұсқауларына сәйкес билік етеді.
16. Жеңімпаз Ұйымдастырушының сұрауымен келесі ақпаратты беруге міндетті: аты-жөні, пошталық индексі бар нақты тұратын мекенжайы, байланыс телефоны.
17. Жұлдені тапсыруды Ұйымдастырушы осы Ережелердің 16-бабында көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Жеңімпаздың (Жеңімпаз ұсынған) пошталық мекенжайына жіберу арқылы жүзеге асырады. Жұлдені алған кезде жеңімпаз жеке куәлігінің көшірмесін беріп, қабылдау-тапсыру актісіне қол қойып, Жұлдемен фотоға түсуі тиіс.
18. Ұйымдастырушы және Серіктес Ұйымдастырушы мен Серіктестің қатысы жоқ кез келген себептермен Жеңімпаздың Жұлдені алу мүмкіндігі болмағаны үшін жауапкершілік тартпайды.
19. Ұйымдастырушы мен Серіктес Жеңімпаз алған Жұлденің әрі қарайғы пайдаланылуы үшін жауапкершілік тартпайды. Конкурсты өткізу аясында таратылатын жарнамалық материалдарда көрсетілген (көрсетілуі мүмкін) Жұлделердің сыртқы түрі/пішіні/суреті және оларды пайдалану әсерлері нақты жүлделерден өзгеше болуы мүмкін және Қатысушылардың болжамдарымен толық сәйкес келе бермейді.
20. Егер Жұлде осы Ережелердің 17-бабында аталған себептен алынбаса, Жеңімпаз оны қайта талап ете алмайды. Осындай Жұлделерді алмау бойынша шағымдар қаралмайды.
21. Жеңімпаздардың алған Жұлделері айырбасталмайды және қайтарылмайды. Жұлделердің ақшалай баламасы берілмейді.
22. Конкурс туралы ақпарат, Конкурстың елеулі өзгертулері, Конкурс Жеңімпаздары және басқа да ақпарат Instagram-дағы @visakz\_official парақшасында орналастырылады.
23. Ұйымдастырушы кез келген уақытта өз қалауымен, осы туралы Конкурс Қатысушыларына және барлық мүдделі тұлғаларға осы Ережелерде анықталған әдіспен, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес хабарлай отырып, Конкурсты өткізу ережелерін, жүлде қорын толықтыруға және/немесе мерзімін өзгертуге, сонымен қатар Конкурстың өткізілуін толық немесе ішінара тоқтату, уақытша тоқтату, оны өткізуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.
24. Ұйымдастырушы және Серіктес Конкурс Қатысушысы жіберген қателіктердің қандай да бір салдары үшін, соның ішінде соңғының шығындары үшін жауапты емес.
25. Конкурсқа қатыса отырып, Қатысушы даусыз, сөзсіз және қайтарылмайтын тәртіпте Ұйымдастырушы мен Серіктестерге Қатысушының аты-жөні, жеке деректерін, сұхбатты немесе оның Конкурсқа қатысуға байланысты басқа материалдарын, соның ішінде Конкурс қатысушысының суреті мен бейнетүсірімді қолдану, сонымен қатар Конкурс туралы жарнамалық ақпаратты тарату кезінде Конкурс Қатысушысы бар

сурет пен бейнежазбаларды шексіз мерзімге және аумақ бойынша шектеусіз, және осындай пайдалану үшін қандай да бір сыйақы төлеместен қолдану құқығын береді.

26. Жүлдені алуға келісе отырып және өз деректерін ұсына отырып, Қатысушы Ұйымдастырушымен Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Заңында (әрі қарай – Заң) көзделген ережелерге сәйкес жеке деректерді өңдеуге, соның ішінде жүйелендіруге, жинауға, сақтауға, нақтылауға (жанартуға, өзгертуге), шығарып алуға, қолдануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға, Конкурсты өткізу мақсатында оның өткізілуінің бүкіл мерзімінде және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде жоюға берген келісімін растайды. Көрсетілген келісімді Қатысушы Ұйымдастырушыға «ROI GROUP» (РОИ Групп) ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық д-лы 132, 5-кеңсе мекенжайына табыстау туралы хабарламасы бар тиісті тапсырыс хатты жіберу арқылы кез келген уақытта қайтарып ала алады.
27. Конкурсқа қатысу фактісі Қатысушының жеке деректерін Ұйымдастырушы мен Серіктестің Конкурсты өткізу мақсатында қажетті кез келген тәсілдермен және осы Ережелерде көзделген тәртіппен өңдеуіне еркін, нақты, ақпараттандырылған және саналы түрде келісім білдіруі болып табылады.
28. Осы Ережелердің мақсаттары үшін жеке деректер деп айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) тікелей немесе жанама қатысты кез келген ақпарат түсініледі.
29. Конкурс Қатысушысы Конкурсқа қатысуға байланысты өз құқығын үшінші тұлғалардың пайдасына (оның ішінде Жүлдені алу құқығын) табыстауға құқығы жоқ.
30. Конкурсқа қатысу фактісі Конкурс Қатысушысының осы Ережелермен танысқанын және келісетінін растайды. Ережелермен келісу толық және шүбәсіз болып табылады.
31. Конкурстың барлық нәтижелері, сонымен қатар Конкурс Ұйымдастырушысының және Серіктестің шешімдері ақырғы болып табылады және оған шағым жасауға болмайды.
32. Ұйымдастырушы және Серіктес осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа кезде және даулы жағдайлар туындағанда, Конкурс қатысушыларымен жазбаша келіссөздер жүргізбеу немесе өзге жолмен байланыспау құқығын өзіне қалдырады.
33. Осы Ережелерде көзделмеген жағдайда ақырғы шешімді Ұйымдастырушы қабылдайды.
34. Конкурсқа қатысуға, ұтыстарды өткізуге, Жүлделерді таратуға және өзге мәселеге байланысты қандай да бір сұрақтар туындағанда, Конкурс Қатысушысы [agency@roi.kz](mailto:agency@roi.kz) электрондық адресіне хат жазу арқылы Ұйымдастырушыға хабарласа алады. Ұйымдастырушының жауап хаты Конкурс Қатысушысынан хат алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде жіберілетін болады.
35. Осы Ережелер Конкурстың ресми құжаты болып табылады.